



«ИРАН ҚАЗАҚТАРЫ – ЗАР ЗАМАНА ЗАРПЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР»

– Нияз Қартбайұлы, Алматыда таныстырылымын өткізген «Иран қазақтары: зар замана зарпынан зардап шеккендер» деп аталатын жаңа кітап қалай жазылды? Оның басты ерекшелігін атап өтсеңіз?

– Бұл кітаптың құрастырылуына 5-6 ай бұрын арамыздан кеткен «Арыс» баспасының директоры Фарифолла Әнес құрдасым себепкер болған. 2023 жылдың басында Алматыға келгенде: «Иран қазақтары туралы деректерді жинап, жан-жақты бір кітап жасасақ. Нияз, бұл сенің қолыңнан келеді. Ана жақта шалдарды көрдің. Мен өзім тегін шығарып берем» деді.

Иран қазақтарын біреу зерттеймін десе шашылып, әр жерде жатқан деректердің қайбіреуін таба алса, қайбіреуін таба алмайды. Сондықтан негізгі 4 кітаптың ішіндегі мәліметтердің бәрін жинадым да, «Иран қазақтары – зар замана зарпынан зардап шеккендер» деген осы кітапты құрастырдым. Енді кімде-кім Иран қазақтары туралы зерттеу жұмысын жасағым келеді десе барлық дүниені осы кітаптан таба алады.

Жалпы, Иран қазақтары туралы осы уақытқа дейін елімізде жарық көрген 4 кітап бар. Олар – Ислам Жеменейдің «Иран қазақтары» (2007), Отыншы Көшбайдың «Сыбызғы сыңсып жылайды» (2008), Таған Дәрібайұлы деген Иранның келген ақсақалымыздың «Елге ел қосылса – құт!» (2020) атты шағын естелік кітабы және Мансур Киайдың парсы тілінде жазылып, менің аудармаммен қазақ тілінде (2012) кітап болып жарық көрген «Иран қазақтарының салт-дәстүрлері» деген қолжазбасы.

– Байқауымша, мұнда сіз айтқан 4 кітаптан бөлек түрлі уақытта әр жерде жарық көрген Иран қазақтарына қатысты өзге де естеліктер мен мақалалар да жинақталған сияқты?

– Дұрыс айтасыз. Халифа Алтай атамыздың «Алтайдан ауған ел» (2000) деген кітабының «Иран саяхаты» бөлімін енгіздік. Өйткені Құран кәрімді алғашқылардың бірі болып қазақ тіліне аударған аудармашының 1985 жылдың күзінде Иранға барған сапарында жазылған сапарнамасы – Иран қазақтары туралы жазылған алғашқы дүние.

Тәуелсіздік жылдары Иранға барып, ондағы қазақтардың арасында болған Ботагөз Уатхан мен оның күйеуі Досан Баймолда және тағы басқалардың да естелік әңгімелері енді.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨРПЕГЕ ҚАРАЙ КӨСІЛЕТІН КЕЗ КЕЛДІ



«Үкімет қаншалықты қиын болса да, жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қаржысын тек қана аса өзекті мәселелерді шешуге жұмсау керек. Көрпеге қарай көсілетін уақыт келді. Орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу қажет». Осы сейсенбіде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деп мәлімдеді.

МӘСЕЛЕ

МӘМС-тен МӘН КЕТТІ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың төңірегінде былық көп. Оның қазіргі жүйесі су ішіндегі тесік қайықтың суын төге берумен пара-пар. Осының салдарынан медицинада ақылға сыймайтын жағдайлар орын алууда. Соның бірі 5 айлық баланың тісін қанқұрттан тазалау болса, тағы бірінде, бір адамның 82 тісін емдеу. Тағы бір ауруханада бір күнде бір адамға 32 қызмет көрсеттік деп есеп толтырылған. Бұл деректерді Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында депутат, палатаның әлеуметтік-даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов ортаға салды.

Дәстүрлі жиында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдірудің маңызды мәселелері талқыға салынған болатын. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназароваға депутаттар тарапынан қарша бораған сауалдарға жауап беру оңайға түспеді. Өйткені, міндетті медициналық сақтандырудың қазіргі жүйесі медицинаны халыққа қолжетімсіз етіп, шығынды көбейтіп, қаражаттың тиімсіз жұмсалыуына әкеліп отыр.

Жиында осы жағдайдың біраз себептері ашылды. Әсіресе, онда қосымша баяндама жасаған Асхат Қанатұлы ортаға салған деректерді

жайбарақат тыңдау мүмкін емес еді. Соның бірлі-жарымын жоғарыда атап өттік. Аймағамбетов мырзаның айтуынша, мұндай мысалдар өте көп. Мұның себебі МӘМС бойынша енгізілген қаржыландыру жүйесінің өзі артық қызмет көрсету мен «қосыл жазуға» итермелейді. Өйткені, қаражат әрбір емделген адам үшін емес, әр көрсетілген қызмет үшін төленеді. Нормативтер мен цифрландыру жоқ, ал клиникалық хаттамалар мен стандарттар анық емес.

Бұған да дәлел келтірілді. Мысалы бұрын рентгенсіз анықтайтын остеохондрозды табу үшін бүгінде рентгенмен қатар компьютерлік

томография, магнитті резонансты томография және басқа да қосымша тексерулер тағайындалады. Бұның бәрі ауруды емдеуден гөрі, ақша табудың «заңды» жолы болады екен көбіне. Себебі неғұрлым көп қызмет көрсетілсе, клиника соғұрлым мол пайда табады. «Осындай бейберекетсіздік біреуге тиімді болып отыр ма деген ойға қаласың» деген Асхат Қанатұлымен келіспесе шара жоқ. Өйткені, мұндай денсаулықты тексеру әдісімен өзіміз де талай бет-бет келіп жүрміз. Қандай ауру түрімен болсын емханаға жақындасаң болды, бағасы кем дегенде 50 мың теңгелік түрлі аппараттарға түсудің қажеттілігі айтылып, жолдама беріле бастайды. Ем тек осындай аппараттардың берген нәтижесінен кейін тағайындалады деген соң амалсыз көнеміз. «Бақсақ бақа екен» демекші, алайда қанша қаржы жұмсап, уақыт кетіргені олардың көрсеткіштерінен айтарлықтай тиімділік тағы байқалмайды.

Асхат Қанатұлы осы жағдайға себеп болып отырған бірнеше мәселені айтты. Соның бірі жаңартылған тарифтер мен тариф жасау әдіс-

темесінің жоқтығы екен. Бүгінде оларды қайта қарау министрдің еркіне тәуелді екен. Ол мұны көтергісі келсе көтереді, көтергісі келмесе көтермейді. Мысалы үлкен дау және ерікті әдіспен онкологияның базалық тарифі 20 пайызға қысқартылыпты. Бірақ бұл тек денсаулыққа зиян келтірген шара болып шығыпты. Салдарынан ешбір үнем болмай, керісінше көп төленетін болды. Қазіргі тариф медициналық ұйымдардың, әсіресе, стационарлардың нақты шығындарын өтемейді. Олар тек жалақы төлеуге және шұғыл қажеттіліктерді қамтамасыз етуге әрең жетеді. Медициналық ұйымдар «шықпа, жаным, шықпаның» күйін кешіп отыр. Коммуналдық қызметтерді төлеу шығындарын тариф аясынан алып тастау туралы айтылғанымен, бұл мәселе әлі күнге дейін шешілген жоқ.

Сонымен қатар алғашқы медициналық-санитарлық көмек жұмысын өзгерту керек. Бүгінде барлық емханалар өздеріне бекітілген әрбір азаматтарға қызмет көрсетсе де, көрсетпесе де айына орта есеппен 2000 корпоративтік табыс салығын алады екен. Бұл тәсіл емханаларды сапалы медициналық қызмет көрсетуге мүлдем ынталандырмайды.

(Жалғасы 4-бетте)

2-бет

Аудармашының міндеті ауқымды



4-бет



Қартон жеңсік асқа айнала ма?

8-бет

Өлеңтінің бойында





САРАП

ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКС: ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ӨЗЕКТИ ІСТЕР

2024 жылғы 5 шілдеде Қазақстан Республикасының Парламенті экономикалық құқық бұзушылықтарға қатысты заңнаманы жетілдіру мақсатында маңызды заң қабылдады. Заң 2024 жылғы 5 қыркүйекте күшіне енді. Аталған заң аясында Қылмыстық кодекске елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер экономикалық құқық бұзушылықтарға деген көзқарасты қайта қарап, жазалау шараларын оңтайландыруды көздейді.



Атап айтқанда, 234-баптың талаптары қайта қаралып, заңсыз өткізілген тауарлардың құнына қатысты айлық есептік көрсеткіштердің (АЕК) мөлшері ұлғайтылды. Бұрын бұл шек 20 000 АЕК болса, енді ол 30 000 АЕК болып белгіленді. Сонымен қатар, 236-бап бойынша төленбеген салықтар мен кедендік баждардың сомасы 10 000 АЕК-ке дейін көтерілді. Бұл өзгерістер шағын бұзушылықтарға қатысты жазаны жеңілдетіп, тек ірі көлемдегі құқық бұзушылықтарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға бағытталған.

Тағы бір маңызды өзгеріс – 219

және 241-баптар Қылмыстық кодекстен алынып тасталды. Бұл баптарда көрсетілген кейбір құқық бұзушылықтар енді қылмыстық емес, әкімшілік сипатқа ие болды. Мысалы, кейбір экономикалық әрекеттер үшін айыппұл немесе қоғамдық жұмыс жазасы енгізіліп, түрмеге қамау жазасы тек ауыр жағдайда ғана қолданылады. Мұндай өзгерістер экономикалық қызметке қатысатын азаматтар үшін құқықтық қауіпсіздікті арттырады.

2025 жылдан бастап бұл өзгерістер толығымен қолданысқа енеді. Бұл ретте азаматтарға айыппұл мөлшерінің өзгергенін, сон-

дай-ақ қоғамдық жұмыстарға тарту немесе бас бостандығын шектеу сияқты жазалау шараларының жиі қолданылатынын ескерген жөн. Жаңартылған нормалар кәсіпкерлер үшін қолайлы орта қалыптастыруға және экономикалық дауларды бейбіт түрде шешуге бағытталған.

Мемлекет бұл өзгерістер арқылы құқықтық жүйенің тиімділігін арттырып, экономикалық процестерді жеңілдетуді көздейді. Біріншіден, құқық қорғау органдарының ресурстары енді тек аса ауыр қылмыстарды тергеуге жұмсалмақ. Екіншіден, әкімшілік жазалар кәсіпкерлердің жауапкершілігін арттырып, бизнеске оң әсер етеді. Үшіншіден, бұл қадам Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін көтеруге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, әрбір азамат Қылмыстық кодекске енгізілген өзгерістерді біліп, өз құқықтары мен міндеттерін түсінуі тиіс. Заңды білу және оны құрметтеу – әділетті қоғамның негізі. Бұл тек құқықтық тәртіпті сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар, қоғамның тұрақтылығы мен дамуына үлес қосу үшін маңызды.

**Гүлмаржан
ӘДІЛСҰЛТАНҚЫЗЫ,
Ақтау қалалық сотының
судьясы**

нымен, ол орындалмай кері қайтарылатынын атап өтті.

Жиынға қатысушылар азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты атқару парақтарын орындауда туындайтын мәселелер бойынша бірқатар сұрақтарды талқыға салып, өзара пікір бөлісті. Ис-шараны қорытындылай келе, аталған мәселені толыққанды шешу мақсатында Шымкент қаласының прокуратурасымен, Көші-қон полиция басқармасы және Қылмыстық-атқару жүйесінің Шымкент қаласы бойынша департаментімен меморандумға отыру үшін дөңгелек үстел ұйымдастыру қажеттілігі ұсынылды.

**Шымкент қалалық сотының
баспасөз қызметі**



ШАРА

ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ СОТ АКТИЛЕРІН ОРЫНДАУЫ ҚИЫН

Шымкент қаласы қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотында «Шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты атқару парақтарын орындауда туындайтын мәселелер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Ис-шараның мақсаты – шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты атқару парақтарын орындауда туындайтын мәселелерді талқылау бо-

йынша бірыңғай тәжірибе қалыптастыру.

Сот төрағасы А.Орақбаева жиынды аша отырып, қазіргі таңға дейін осы мәселе шешімін таппай жатқанын, шетел азаматтарына қатысты қылмыстық істерді қарау барысында сот шығындарын, жәбірленушінің өтемақы қорына төлету мүмкіншілігі жоқ екендігін және осы бойынша атқару парағына жолданған



БІЛГЕН ЖӨН

Ата Заңымыздың 7-бабында дәйектелгендей: «Қазақстан Республикасында қазақ тілі – мемлекеттік тіл». Сәйкесінше мемлекеттегі барлық қарым-қатынас мемлекеттік тілде жүргізілуі шарт.

АУДАРМАШЫНЫҢ МІНДЕТІ АУҚЫМДЫ

Конституцияның 14-бабының 2-бөлімінде ешкімді ұлты, тілі бойынша қандай да бір кемсітуге болмайтыны, әркімнің ана тілін пайдалану құқығы бекітілген. Осы конституциялық нормаға байланысты сот іске қатысушы адамдардың өтінішхаты бойынша оларға сотта ана тілінде немесе өздері білетін тілде сөйлеу құқығын қамтамасыз етуге міндетті. Ал Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкес, сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сондай-ақ сот ісі қазақ тілімен қатар орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жүргізілуі мүмкін. Заңда іске қажетті материалдарды қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін жүзеге асырылатыны көрсетілген. Сол сияқты сот процесіне қатысушы адамдардың да аудармашы көмегін тегін пайдалануға құқығы бар. Осы заңдық шарттардың бәрі елімізде тілге байланысты қандай да бір шектеу, кемсітуге жол бермейтінін, кез келген азаматтың өзі білетін тілде заңдық көмек алуына жан-жақты мүмкіндік қарастырылғанын көрсетеді.

Заңның осындай игілігін қарапайым азаматтар біле бермеуі мүмкін. Сондықтан процесс барысында судья іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткіліксіз меңгерген адамдарға түсініктемелер мен айғақтар беруге, өтінішхаттар мәлімдеуге, шағымдар келтіруге, іс материалдарымен танысуға, сотта ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде сөз сөйлеуге, аудармашының қызметтерін тегін пайдалануға құқығы барын түсіндіреді.

Қылмыстық-процестік кодексте аудармашының да құқықтық мәртебесі айқындалған. Заңнаманың 81-бабында айқындалғандай, қылмыстық процестегі аудармашының қызметі мен жауаптылығы жоғары. Ең алдымен аудармашы өзі аударғалы отырған тілді жетік білуі керек. Аудармашының іске мүдделі болмауы да

шарт. Аудармашы аударманы нақтылау үшін қатысатын адамдарға сұрақтар қоюға; өзі қатысқан тергеу әрекеттерінің немесе өзге де процестік әрекеттердің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде де құқығы бар. Хаттамасымен танысуға және аударманың толықтығы мен дұрыстығына қатысты, хаттамаға енгізілуге жататын ескертулер жасауға құқылы.

Қылмыстық процесте адамның тағдыры шешіледі. Сондықтан аудармашы сот ісін аудару үшін қажетті білімі болмаса, сауаты жетпесе іс жүргізуден бас тартуға тиіс. Бұған қоса, аудармашының қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеуге де құқығы бар. Аудармашының міндеті де ауқымды. Ең алдымен өзіне жауаптылық алған маман әрбір сот отырысына уақытында келіп, ортақ тәртіпке бағынуы тиіс. Екіншіден, аудармашы өзіне тапсырылған аударманы дәл және толық орындауға міндетті. Бір сөзден емес, бір тыныс белгіден кеткен қатенің адам тағдырын өзгертетінін мамандар түсінуі шарт. Аудармашы өзі аударған мәтінің дұрыстығына өзі жауап береді. Сондай-ақ, «Екі елі ауызға төрт елі қақпақ» дегендей, аудармашы сот процесінде өзіне белгілі болған істің мән-жайлары туралы мәліметтерді немесе өзге де деректерді жария етпеуге тиіс.

Осындай жауапты міндет жүктелген аудармашы сот отырысына себепсіз келмей қалып, процеске қатысу тәртібін бұзса, Қылмыстық-процестік кодекстің 160-бабына сай ақшалай өндіріп алу қолданылатынын да естен шығармаған жөн. Ал көрінеу дұрыс аудармаған аудармашы қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

**Гүлдана ҚЫДЫРАЛИНА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының
бас маманы-сот отырысының хатшысы**



КИЕ

Қазақ тілінің бай, көркем, шұрайлы тіл екені талас тудырмайды. Қазақ тілі – Абайдың, Мұхтардың, Мұқағалидың тілі. Осындай дарынды ақын-жазушылардың әлем мойындаған құнды шығармалары қазақ тілінде жазылып, қазақтың болмысы мен бітімін, табиғаты мен тіршілігін өзек еткені біз үшін үлкен мақтаныш.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ ТАЛАПҚА САЙ

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы бізге үлкен жауаптылық жүктейді. Бұл талап әрбір сала қызметкерін мемлекеттік тілді қолдануға міндеттеп қана қоймай, тілдің дамуына үлес қосуға үндейді. Біздің ауданымыз – қазақтылықтың қаймағы тарқамаған аймақ. Кеген аудандық сотындағы істердің барлығы дерлік мемлекеттік тілде қаралады. Сондай-ақ аудандық сот ұйымдастыратын шаралардың да барлығы қазақша өтеді. Сот ғимаратындағы құжаттар түгелдей қазақша жазылған. Яғни, сот ғимаратына келушілерге мемлекеттік тілде сауалын қойып, көмек алуына ешқандай кедергі жоқ.

Кеген аудандық сотының ұжымы құқықтық түсіндіру, заңдағы өзгерістер мен толықтыруларды таныстыру бойынша да ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді. Мұндай шаралар, әсіресе, қарапайым азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру үшін аса өзекті. Біз жаңа құжаттарды түсіндіру арқылы азаматтардың құқықтық білімін, мәдениетін арттырамыз, сонымен бірге аймақтағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың төмендеуіне айтарлықтай септігімізді тигіземіз. Себебі, кейбір құқық бұзушылықтар заңды білмеуден, заңнамалардағы тетіктерді түсінбеуден орын алып жатады.

Заңдағы терминдердің аудармасы әлі де ақсап тұрғаны ешкімге жасырын емес. Біздегі заңдардың

көпшілігі алдымен орыс тілінде жазылып, кейіннен қазақ тіліне аударылатындықтан, кейбір аудармаларда сәйкессіздердің болатыны тағы рас. Мұны сот саласының тәжірибелі судьялары үнемі айтып, жазып келеді. Заңдағы кем-кетіктер тәжірибе барысында анық байқалады. Сондықтан, олқылықтарды жасырып, жаппай көрсету, мәселеге көпшіліктің назарын аудару маңызды қадам. Міне, соған орай Кеген аудандық сотының ұжымы ауданда түрлі басқосулар ұйымдастырып, білім ордаларында да заңдарды түсіндіру, жаңа өзгерістерді таныстыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, қолданыс аясын кеңейту – әрқашан күн тәртібінде тұскен емес. Біздің сот бұған қоса сот актілерін мемлекеттік тілде сауатты, сапалы, түсінікті жазудың үлгісін көрсетуге күш салып келеді. Әрине, сот актілері – ресми құжат. Десек те, осы ресми құжат та тараптардың барлығы ұғатындай қарапайым тілмен, қысқа да нұсқа жазылса нұр үстінде нұр. Орынды-орынсыз заң терминдерін қолдану, сөйлемдерді шұба-лаңқы құру қазақ тілінің көркемдігін төмендетеді. Осыған орай, қазақтың әрбір сөзін өз орнымен қолданып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтере алсақ ұтқанымыз.

**Мәлдір БЕКМУХАМБЕТОВА,
Кеген аудандық соты
әкімшісінің басшысы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ**



ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ДАУЛАРДЫ ҚАРАУДА БІРІЗДІЛІК ЖОҚ

Астана қалалық сотында «Сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар бойынша істерді қарауды оңтайландыру» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Шараның негізгі мақсаты сақтандыру дауларын қарау ерекшеліктерін талқылауға және құқық қолдану тәжірибесін, сондай-ақ дауларды соттан тыс реттеу әдістерін дамытуға бағытталды.

Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы А.Сәлімов сот практикасының негізгі проблемаларын, соның ішінде көлік құралдарына келтірілген зиян мөлшерін есептеу нәтижелеріне дау айтуды, сақтандыру төлемдерін өндіріп алуды, сондай-ақ сақтандыру сыйақысын қайтару мәселелеріне тоқталды.

Шара барысында қатысушылар сақтандыру шарттары бойынша даудың жиі кездесетін себептерін және оларды шешу жолдарын талдап, сот практикасына шолу және жоғары сот сатысының ұстанымының бір-келкілігін сақтау мен кепілдік қызмет көрсетуде автомобильдерге келтірілген зиян мөлшерін есептеу ерекшеліктерін талқыға салды. Сонымен қатар, залалдың мөлшерін анықтау, дауларды сотқа дейінгі реттеу мүмкіндіктері зерделенді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар «Көлік құралдары иелерінің азамат-

тық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заңын, зиянның мөлшерін айқындау қағидаларын және сақтандыру қызметін реттейтін басқа да актілерді, нормативтік базаны қолданудың маңыздылығына тоқталды. Талқылау қорытындысы бойынша сақтандыру дауларын қарау тәсілдерін біріздендіру, құқық қолдану практикасының тиімділігін арттыру және сотқа дейінгі реттеуді белсенді қолдану үшін ұсынымдар әзірленді.

Шарада азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін судьялар қауымдастығы мен сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы байланыстың маңыздылығы атап өтілді.

**Астана қалалық сотының
баспасөз қызметі**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨРШЕГЕ ҚАРАЙ КӨСІЛЕТІН КЕЗ КЕЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Кемелұлы жиын барысында Үкімет жұмысының басты бағыттарын айқындады. Олар экономиканы әртарапандыру, инфрақұрылымды дамыту ісін жаңа деңгейге көтеру, цифрлық технологияны жан-жақты енгізу, энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру, салық-бюджет саясатын реформалау, маңызды жобаларды қаржы көздерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту жөніндегі нақты міндеттер мен жоспарларды қамтыды.

Инвестиция көлемінің азаюы ел экономикасына кері әсер етеді

Қазір дүниежүзі түбегейлі өзгеріске ұшырап жатыр. Жаһандық үдерістер, ең алдымен, еліміздің экономикалық ахуалына әсерін тигізетіні анық. Жаппай цифрландыру дәуірі, яғни жаңа технологиялық кезең басталды. Күллі әлем мүлдем басқа жағдайда өмір сүреді. Мемлекет басшысы еліміздің де осы үдеріске дайын болуы қажеттігін атап көрсетті. Жаңа технологиялық ахуалға сақадай сай тұруымыз қажет. Бұл – еліміздің бәсекеге қабілетін арттырып, тұрақты дамуына жол ашатын аса маңызды фактор.

Экономиканы әртарапандыруға қатысты Мемлекет басшысы айта қанатқан басымдықтардың бірі инвестиция тарту мәселесінде нақты проблемаларды шешіп қана қоймай, артық бюрократияны жою және ведомстволар арасындағы процестерді жеңілдету бойынша жұмыс жүргізу. Сонымен қатар, еліміздегі жалпы инвестициялық ахуалды жақсарту міндеті қойылды. Мемлекет басшысы бұл орайда кейбір өңірлерде сырттан келетін инвестиция көлемінің айтарлықтай төмендегеніне назар аударды. Мысалы, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Павлодар, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары, сондай-ақ Алматы қаласында инвестиция көлемі азайған. Мемлекет басшысының айтуынша, жеке инвестициялар көлемінің азаюы ел экономикасына кері әсерін тигізеді. Қазіргі таңда бұл мәселені бюджет қаражаты есебінен шешуге тырысу тиімсіз, себебі бюджет тапшылығы байқалуда. Сол себепті Үкімет инвесторларды қолдаудың қосымша шараларын енгізу қажет. Инвесторларға арнайы жеңілдіктер мен қорғау тетіктері ұсынылады. Бұл шаралар шетелдік те, отандық та инвесторларға қолданылады.

Дегенмен, мұндай қолдауға ие болған инвесторлар мемлекет алдындағы белгілі бір міндеттерді орындауы қажет. Олардың қатарында жұмыс орындарын сақтау, өндірісті жаңғырту, экологиялық талаптарды сақтау және басқа да маңызды шарттар бар. Бұл қадамдар ел экономикасын дамытуға және инвестиция көлемін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Үкіметке өнімді бөлу туралы келісімшарттарды ел үшін тиімді жаңа шарттармен қайта қарау бойынша келіссөздерді жандандыруды тапсырды. Қазақстан осы уақытқа дейін бұл келісімдердің барлық талаптарын адал орындап, өзін сенімді энергия тасымалдаушы ретінде көрсетті. Алайда, бұл келісімдердің көпшілігі ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары, шетелдік инвестицияларды шұғыл тарту қажет болған кезде жасалған. Қазір еліміздің мүддесіне сай әділетті шарттарды қамтамасыз ету уақыты келді. Мемлекет басшысы бұл жұмыста ұлттық мүдденің басты басымдық болып қалатынын ерекше атап өтті.



Масылдық психологиядан арылған абзал

Экономиканы әртарапандырудың бір бағыты ретінде туризм де аталып өтті. Бұл салада еліміздің әр өңірінің өзіндік мүмкіндіктері бар екені анық. Мемлекет басшысы тек ішкі саяхатпен шектеліп қалмай, шетелдік туристерді де тарту керектігіне назар аударды. Ол үшін туристік инфрақұрылымды жақсартып, инвестицияларды тарту қажет.

Мемлекет басшысы Үкіметке жүктеген тағы бір міндеттің бірі тарифтік саясаттың жаңа стандарттарын әзірлеуді жалғастыру болды. Президент бұл ретте олардың нарық жағдайына сәйкес келуі қажеттігін атап өтті. Яғни, мәселе тек электр энергиясын, жылу мен суды үнемдеуде ғана емес, сонымен қатар оларды тұтыну мәдениетін қалыптастырып, үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етуде. Әрбір азамат суды қажетті мөлшерден артық жұмсасау керектігін түсінуі қажет. Әлемде су ресурстарының тапшылығы өсіп жатқанын ескере отырып, тұтынушының әлеуметтік нормаларын енгізу маңызды.

Қазақстан әлеуметтік бағдарланған мемлекет болғанымен, масылдық психологияны қолдауға жол бермеу керек. Мемлекет басшысы қозғаған мәселенің бірі осы болды. Бұл орайда мемлекеттен көмек алу тек шынымен мұқтаж азаматтарға арналғанын, бірақ бізде кейбір адамдар мемлекет бізге жұмыс тауып береді деп күтіп отырған кезде, көрші елдерден мыңдаған еңбек мигранттары Қазақстанға жұмыс іздеп келіп, еңбек етіп жатқанын орындары атап өтті. Осы жайлы айта келіп, Мемлекет басшысы ел жастарын еңбекқорлық пен жауапкершілік тұрғысынан осы мигранттардан үлгі алуға шақырды.

Азаматтардың жеке дерегі толық қорғалуы керек

Сонымен қатар қала құрылысын жоспарлау, жобаларды іске асыру және объектілерді пайдалануға беру процесінің барлығын цифрландыруды қамтамасыз ететін құрылыс саласының біртұтас ақпараттық жүйесін әзірлеу керек. Президенттің айтуынша, бұл жүйенің басты мақсаты тұрғын үйлердің саны емес, олардың сапасы мен қолжетімділігін арттыру болмақ.

Көлік-логистикалық инфрақұрылымның жайы да сын көтермейтіні белгілі. Шын мәнінде Қазақстанның географиялық орналасуы елдің транзиттік әлеуетін

өте жоғары көтерер еді. Мемлекет басшысы Үкіметке үнемі осы мәселені ескеруден кенде емес. Бұл отырыста да Президент көлік-логистикалық құрылым жайын айналып өтпеді және Үкіметке нақты тапсырмалар берді. Олар трансақзақстандық теміржол дәлізін дамыту, жаңа «Мойынты – Қызылжар» теміржол желісін салу, Қызылжар станциясынан Ақтау портына дейінгі магистралдің кейбір учаскелерін жаңғырту және «Алтынкөл-Жетіген» учаскесін кеңейту. Мемлекет басшысы биыл және келесі жылы осы жұмыстар ерекше қарқынмен өтуі тиіс екенін атап өтті.

Жаңа технологияларды дамыту және мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларда жасанды интеллект құралдарын қолдануды арттырумен қатар, киберқылмыстарға қарсы күрес шараларын күшейту қажет. Бұл, әсіресе, елдегі қоғамдық-саяси жағдайды тұрақсыздандыруға тырысатын алаяқтық, жалған ақпарат тарату, арандатушылық және жала жабу сияқты киберқылмыстарға қатысты болуы тиіс. Президент бұл мәселеге де ерекше тоқталып, Үкіметке осындай ақпаратты таратқаны үшін заңнамалық жауапкершілік енгізуді және азаматтардың жеке деректерінің толық қорғалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Ядролық энергетиканы дамыту өте өзекті

Энергия тапшылығы артып жатқан қазіргі кезде, ядролық энергетиканы дамыту өте маңызды. Мемлекет басшысы бұл орайда Үкіметке атом энергетикасын дамыту бойынша ұзақ мерзімді жоспар әзірлеуді және екінші атом станциясын салу туралы ұсыныс енгізуді тапсырды. Соған орай қойалы жерлерді зерттеп, екінші атом электр станциясы үшін заманауи және ең бастысы қауіпсіз технологияларды таңдау қажеттігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы газ саласының дамуын еліміздің әлеуметтік-экономикалық өсуінің маңызды факторларының бірі деп атады. Мұның энергия тапшылығы жоғары өңтүстік аймақтар үшін өте қажеттігін айта келіп, Үкіметке 2026 жылы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші тармағының құрылысын аяқтауды тапсырды.

Президент өз сөзінде экономиканың негізгі бағыттары ретінде агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға қатысты да нақты міндеттер белгіледі. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан рекордтық өнім жинап, бұл сала экономикада басқа салаларға қарағанда 13,7% тұрақты өсім көрсетті. Мұндай жетістікке фермерлерді несиелендіру көлемін

арттыру арқылы қол жеткізілді. Осыған орай, Президент Үкіметке биылғы егін науқанына кемінде 700 млрд теңге бөлуді тапсырды. Сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешендегі бірнеше маңызды мәселелерге назар аударды. Олар шаруаларды қолдау тәсілдерін қайта қарау, несие беру рәсімдерін жеңілдету, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын қолдау арқылы рентабельді дақылдарды өсіруді жалғастыру, малды вакцинациялау және олардағы ауруларға қарсы тұру.

Ауыл бюджеті әділ бөлінсін!

Президент ауылдағы тұрмыс деңгейін кешенді түрде дамытуға да назар аударды. Ауыл тұрғындарына сапалы қызмет көрсету және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету керек. Осыған байланысты, Президент «Қазпошта» бөлімшелерінің ең шалғай ауылдарда да үнемі жұмыс істеп тұруын қамтамасыз етуді тапсырды.

Салық және бюджет саясатын реформалау да кезек күттірмейді. Бюджет тапшылығын ескере отырып, ел экономикасын трансформациялау үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Президент тоқталған мәселенің бірі осы болды. Мемлекет басшысы бұл тұрғыда екі жыл бұрын қабылданған жаңа бюджеттік ережелердің тиімді жұмыс істемейтінін айтты. Осы ережелер қаржы экономикалық блоктың кейбір мәселелерін шешуі керек еді, оның ішінде Ұлттық қордың қаражатына қол сұқпай, елдің қазынасын тұрақты толықтыру мүмкіндігі болуы тиіс еді. Осы жайлы айта келіп, Президент Үкіметке Ұлттық қордан трансферттерді алу тәжірибесін тоқтату керектігін және бұл мәселені шешу қажеттігін атап өтті.

Бұл саладағы тағы бір мәселе бойынша Президент еліміздің әртүрлі аймақтары арасындағы даму деңгейінің теңсіздігін жоюға және ауылдық округтерге дейін бюджетті әділ бөлуге ерекше назар аударды. Мемлекет басшысының айтуынша, республикалық бюджеттен қаржыландыру кезінде ең алдымен, қандай да бір аймақтың елдің жалпы дамуынан артта қалмауын қамтамасыз ету қажет. Бұл дегеніміз, өмір сүру деңгейін үнемі қолдап, аймақтар арасындағы даму айырмашылықтарын болдырмау маңыздылығын көрсетеді.

Инфляцияны тежеудің бұрынғы әдістері тиімді емес

Президент инфляцияға қатысты да өз ұстанымын жеткізді. Қа-

сым-Жомарт Кемелұлының айтуынша, қазіргі әлемдік экономикалық жағдайды ескере отырып, инфляцияны тоқтатудың бұрынғы әдістері енді тиімді болмайды. Яғни, ескі тәсілдер нәтиже бермейді. Осыған байланысты Үкімет жаңа, ерекше және креативті шешімдер табуы керек.

Президент екінші деңгейдегі банктер қолдау мақсатында берілген қарыздарын қайтару уақыт келгенін мәлімдеді. Мемлекет банктер шығынын өз қаражаты есебінен өтегенімен, банктер әлі де мемлекеттен алынған қаражатты пайдаланып, байып отыр. Осы жайлы айта келіп, Мемлекет басшысы банктердің қарыздарын қайта төлеу керек екенін және мемлекет қаржысын дұрыс пайдалану маңызды екенін атап өтті.

Президент экономиканың маңызды бағытының бірі ретінде нақты секторды, яғни өндіріс пен кәсіпкерлікті несиелеудің қажеттілігін атап өтті. Бұл саланың тиімді дамуына бизнестің кепілмен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мүлктің жетіспеушілігі түрткі болып отыр. Осы мәселелерді шешу үшін кәсіпкерлерге қарыз алуға кепілдік беру құралдарын кеңейту және кепілдік қорын құруды тапсырды. Мұндай қорлар банктердің, корпорациялардың, сондай-ақ орталық және жергілікті билік органдарының жыл сайынғы жарналары арқылы қаржыландырылады. Бұл тәжірибе көптеген елдерде тиімді жұмыс істеп келеді.

Президенттің айтуынша, МӘМС (Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру) реформасы жалғасуда. Осы реформаны жетілдіру үшін қажетті заң жобасын әзірлеуді Парламенттің ағымдағы сессиясының соңына дейін аяқтау керек. «МӘМС жүйесі ұзақ уақыт бойы талқыланып келеді, ал осы мәселеде өзгеріссіз қалу – жауапкершіліктен қашу деген сөз. Бұл дегеніміз, реформаны жалғастырып, жүйені жақсарту қажет екенін көрсетеді» деді ол бұл орайда.

Айыппұл ақылға қонымды болуы қажет

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында жұмысшы кәсіптердің беделін арттыруға арналған шаралар қолға алынатын болады. Бұл үшін кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін толық жаңарту жоспарлануда. Бизнес өкілдерін бұл процесте белсенді қатыстыру үшін, барлық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына берілетін мемлекеттік тапсырыс көбейтіліп, теңестірілмек. Әкімдер мен кәсіпкерлер өңірлердегі сұранысқа сай мамандықтарды анықтап, колледждерді осы мамандықтар бойынша кадрлар даярлауға бағыттау алады. Бұл жастарға жұмысшы мамандықтары бойынша жақсы білім алуға жол ашады.

Президент мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруды мақсат етіп қойды. Бұл үшін жергілікті атқарушы органдарда «Әкімдер мектебі» атты білім беру жобасы іске қосылмақ. Бұл мектеп, әсіресе, мемлекеттік қызметте тәжірибесі жоқ жаңа сайланған әкімдер үшін керек. Сонымен қатар, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында мемлекеттік органдар азаматтардың өтініштерін қарауға ерекше назар аударады. Бұл тек өтініштерді тыңдау емес, көтерілген мәселелерді шеше алатын жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігін білдіреді.

Президент тоқталған тағы бір мәселе «Заң және тәртіп» қағидатының бүкіл әлемде маңызды екендігі. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл қағидат қоғамға терең сіңіп, қалыптасуы керек. Бұған қол жеткізу үшін құқық бұзушылықтарға қарсы «мүлдем түзбеушілік» қағидаты белсенді түрде енгізіліп, нақты жүзеге асырылуы қажет. Бірақ бұл шаралар мемлекет пен қоғам тарапынан, әсіресе айыппұлдар мәселесі ақылға қонымды және әділ болуы тиіс. Яғни, заң бұзушылыққа деген көзқарас қатаң болғанымен, ол қоғамға түсінікті әрі әділ болуы керек.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»**

МӘСЕЛЕ

МӘМС-тен МӘН КЕТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қаржы ештеңеге қарамастан бөлінеді. Қызметтің сапасы немесе бөлінген қаражаттың тиімділігі туралы сөз қозғаудың өзі артық.

Көптеген мемлекеттік емханалар қосалқы мердігерлік жұмыстары ауқымды бөлігін жекеменшік және аффилидендірілген емханаларға береді екен. Бұл ретте көп жағдайда қосалқы мердігерлердің кәшбек қайтаруына мүдделілік бар. Жекеменшік ұйымдар да мұндай майлы шелекпен тыс қалмауда. Қордың мәліметі бойынша алғашқы санитарлық-медициналық көмек жеткізушілердің 60 пайызы солар екен. Жоғары аудиторлық палатаның мәліметінше, мемлекеттік тапсырыстың лицензиясы, мамандары мен қажетті жабдығы жоқ емханаларға берілген фактілері көп. Сондықтан Асхат Қанатұлының айтуынша, тұтыну нормативтері мен медицина қызметінің көлемін ұйымдастыру әдістемесін әзірлеу керек, жұмыс көлемін қосалқы мердігерлерге беру үшін нақты өлшемдер, шарттар жасалып, медицина қызметтерінің көлемі мен түрінің ауқымды шегін айқындаған жөн. Лицензия беру шараларын қайта қарап, әрбір бес жыл сайын мемлекеттік аттестация түріндегі лицензия алғаннан кейінгі бақылау енгізіліуі де айрықша маңызға ие. Мемлекеттік тапсырысты бөлу кезінде сапаның нақты индикаторларын белгілеп, ол бұзылған жағдайда жұмыс көлемін алып қана қоймай, келісімшартты бұзып, лицензияны қайтарып алу қажет.

Бүгінгі таңда денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындар ЖІӨ-нің тек 3,8%-ына тең. Бұл көрсеткіш көрші елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Статистика МӘМС-ті қаржыландыру бойынша негізгі жүктеме азаматтарға түскенін айтады. Мәсе-

Бірақ нақты жағдайда оның көлемі арта түсті. Өйткені, бүгінгі таңда мемлекеттің міндеттемесі орындалмайды. Қаржы министрлігінің өз еркімен жасаған өзгерісі есебінен МӘМС-тің жеңілдікті категориясы үшін 300 млрд теңге түспейді. Мұның



лен, мемлекеттік жарна 2020 жылы жұмыскер мен жұмыс беруші жарнасының төрт есе өсуі жағдайында 252 млрд теңгеден 2024 жылы 959 млрд теңгеге дейін қысқарды. Егер 2020 жылы республикалық бюджеттен 298 млрд теңге төленсе, 2024 жылы бұл сома 289 млрд теңге болды. МӘМС-ті енгізген кезде азаматтардың қалта шығынын азайтуға мүмкіндік береді деген сенім болған еді.

сыртында 2024 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттің қарызы 252 млрд теңге. Бұл ақша азаматтардың емі, мыңдаған жасалмай қалған отасы, оңалту шаралары, ондаған мың адамға қажет дәрілер. Сонымен қатар аппараттар кезегі. Өкінішке қарай Денсаулық сақтау министрлігі МӘМС үлгісін жергілікті атқару органдарын тартып, мемлекет пен жұмыскерлерге түсетін жүктемені

арттыра түспекші. Бұл қаражатты әкімдіктердің қайдан алатындығы белгісіз.

Ең қысынысы – «Д» және «Е» санаттары үшін жергілікті бюджеттен жарналарды төлеу механизмі. Атырауда мәселен, 400 мыңдық жа-лақыдан 2 пайыз төлесе, Түркістанда 200 мыңнан да 2 пайыз төлем жа-сайды, бірақ бірдей соммаға қызмет алады. Сонымен қатар, денсаулық сақтау министрлігі әкімдіктерге осы санаттар үшін медициналық қыз-мет көрсету фактісі бойынша, яғни, ауырған кезде ғана төлеуді ұсынады. Ал жұмыс істейтін азаматтар күн са-йын медициналық көмекке жүгінуді есепке алмай төлеуі керек. Бұл еш қысынға келмейтін жүйе.

Медициналық қызметтер пакетін қалыптастырудың бірыңғай әдісі жоқ. Бір жыл бұрын Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында медициналық көмектің бірыңғай па-кетін қалыптастыру туралы тапсыр-ма берген болатын. Содан бері бір жыл өтсе де еш нәтиже болмай отыр. Қазір министрлік кепілдендірілген медициналық қызметтер көлемін екі есеге, яғни, 57%-дан 32%-ға дейін азайтуды ұсынады. Басқаша айтқанда, қазір емханаларда Кон-ституциямен барлық азаматтарға кепілдендірілген көптеген ауруларды емдеу қолжетімсіз болып, ол МӘМС пакетіне ауысады. Бұл азаматтардың мүддесіне сай келмейді.

Халық ұшпн конституциялық кепілдікті сақтап, барлығына кепілдендірілген медициналық көмек көрсетілуі керек. Оның қызметтерінде тек 13 ауруды сақтау керек деген ұсыныс дұрыс емес. Бұл адамдардың өмірі мен денсаулығы. Бұл пакет өзгеріп, МӘМС-ке барлығы ауысқан сайын, қазір жарналарды ұлғайту ұсынылуда. Бұл ретте осы азаматтардың бір бөлігінің ерікті медициналық сақтандыруы бар екені

ескерілмейді. Яғни, тағы да, негізінен, қорды қолдап, жарнаны дұрыс төлейтіндер зардап шекпек.

Халықтың МӘМС-ке деген сенімі өте төмен. Бұл халықтың МӘМС жарналарын жоспарлы түрде төлей отырып, оның не үшін қажет екенін түсінбейтіндігін көрсетеді. Осыған байланысты МӘМС жүйесіне кірмеген азаматтар саны артып келеді. МӘМС енгізу кезеңінде мұндай азаматтардың саны 3 миллион адам болды. Былтыр бұл көрсеткіш 3,1 миллионға өссе, қазір 3,5 миллион-нан астам адамға жетті. Бұл азаматтар уақытылы медициналық көмекке қол жеткізіп, скрининг және тағы басқа медициналық қызметтерге қол жеткізе алмайды. Сондықтан олар МӘМС жүйесінің артықшылықтары мен тиімділігіне мүдделі емес. Сондықтан Асхат Қанатұлының айтуынша, төлеушілердің жеке пайдасына бағытталған қосымша ынталандыру шаралары қажет. Ұсынылған шешімдердің бірі – қызметкердің жарнасының бір бөлігін дербес шотқа аудару арқылы жеке жинақ құруға мүмкіндік беру. Бұл жарна сомасының 30-50%-ы болып, азаматтың қалауы бойынша емделуге, ерікті медициналық сақтандыру жүйесі арқылы сақтауға немесе жинақ түрінде ғана пайдаланылатын болады. Бұл ұжымдық сақтандыру жүйесінен ұжымдық жинақтау жүйесіне көшуді білдіреді. Сонда азаматтар өз жарналарының бір бөлігін ала алатынын, оларды жинап, басқара алатынын, қажет болған жағдайда ерікті полис сатып алып, денсаулығын сақтандыра алатынын түсінеді. Сонда ғана МӘМС-ке деген қызығушылық пен сенім артады. Бұл тәсіл шамамен 5 миллион адамға қатысты болады және жүйеге жаңа серпін береді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

КАРТОП ЖЕҢСІК АСҚА АЙНАЛА МА?

Үн мен күріштен кейінгі ең негізгі азық-түлік тауары саналатын картоп бағасының өсімі туралы соңғы кезде алыпқашты сөз көп. Ол күн өткен сайын ұлғаймаса, азаяр емес.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінде, 14 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішінде бір жыл ішінде ең көп қымбаттағаны – картоп (145,5 пайыз) болып отыр. Егер бұл үрдіс ары қарай жалғасатын болса көптеген қазақстандықтардың ас мәзіріндегі картоптың үлесі айтарлықтай төмендеуі мүмкін. Өйткені жылдың өзге уақыттарымен салыстырғанда тұтыну көлемі біршама тұрақты болып саналатын 3-тоқсанда былтыр үй шаруашылықтарының азық-түлік өнімдерін тұтыну көрсеткішінде картоптың үлесі республика бойынша орташа есеппен 11,4 келіні құрады. Егер өңірлердің (20) тең жартысынан көбінде (11) бұл орташа көрсеткіштен де төмен болғанын ескерсек, дақылдың осы түрін тұтынуға қатысты ахуал елде дабыл қағарлық жағдайда деп айтуға болады. Себебі 2020–2023 жылдардағы сәйкес кезеңдермен салыстырар болсақ орташа көрсеткіш 2020 жылы – 12,7 кг, 2021 жылы – 11,6 кг, 2022 жылы – 11,2 кг болған. Яғни, өсім көңіл көншітіп отырған жоқ.



қабылданғанын жариялады. Алайда онда бұл шара ЕАЭО елдеріне қолданылмайды, әйтсе де бұл бағыттағы экспортқа бақылау жүргізілетіні айтылды. Сонымен қатар қалыптасқан жағдайды ескере отырып, 16 қаңтарда экспортқа фитосанитариялық сертификаттар беру толығымен тоқтатылған.

«Қабылданған шаралар картоп бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеуге және нарыққа қатысушылар тарапынан алыпсатарлық әрекеттерге жол бермеуге бағытталған. Сондай-ақ Сауда және интеграция министрлігінің аумақтық органдары монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп отырып, жағдайға күшейтілген қадағалау жүргізеді және сауда қызметі мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманы бұзған жағдайда олар нарыққа қатысушыларға шұғыл ықпал ету шараларын қабылдайды» деп жазылған ресми хабарламада.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша, бүгінгі таңда қолда бар қорлар 2025 жылғы ерте егін жинау науқанына дейін ішкі қажеттілікті толық жабу үшін жеткілікті. 19 қаңтардағы жағдай бойынша қорлар сауда-желілеріндегі қорларды есепке алмағанда 850 мың тоннадан асады (картоп өсірушілер қауымдастығы бойынша 600 мың тонна, тұрақтандыру қорларындағы 68 мың тонна, жеке қосалқы және шағын шаруашылықтардағы жертөлелерде 200 мың тоннадан астам). Былтыр елдегі картоптың жалпы өнімі 2,9 млн тонна (оның ішінде ерте өнім – 300 мың тонна), импорт 56 мың тоннаны құраған. Нарыққа тарату үшін шығарылған картоптың

көлемі 2024 жылдың тамыз айынан бастап 2,6 млн тоннаны құрады. Ал халықтың сәуірге дейінгі жалпы қажеттілігі – 1,5 млн тонна. 2025 жылға қаңтар-сәуірге дейінгі болжамды тұтыну көлемі – 675 мың тонна. Осы арада 2024 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін – 844 мың тонна тұтынылып, 620 мың тонна (2024 жылғы қаңтардан желтоқсанға дейін) экспортталғанын да ескеру керек.

Бұл деректер халықтың алаңдауына негіз жоқ дегенді айту үшін қазір барлық жерде айтылып, жазылып, көрсетілуде. Алайда нарықтағы шынайы ахуал қандай екенін ешкім дөп басып айта алмайды. Өйткені Қазақстандағы картоп сақтайтын қоймалардың жалпы сыйымдылығы 3 млн тұрмақ, 1 млн тоннаға да жетпейді. Егер қордағы картоптың ішінен көктемгі егіс науқанына қажетті тұқымдық картопты алып тастайтын болсақ, тұтынуға қажетті картоп көлемі әлдеқайда азырақ бол қалады. Оны Алматыдағы Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы Теміржан Айтпаев та жоққа шығармай отыр. Маманның айтуынша, Қазақ тағамтану академиясы зерттеп, анықтап, Үкімет бекіткен норма бойынша 1 адамға жылына 100 кг картоп керек. Бұл Қазақстан халқының қажеттілігі үшін 1,5 млн емес, 2 млн тонна тағамдық картоп қажет екенін көрсетеді.

«Одан бөлек 700 мың тонна тұқымдық картоп керек. Бізде картоптың егіс көлемі шамамен 200 мың гектарды құрайды. Норма бойынша 1 гектарға 3,5 тонна тұқымдық картоп керек дейтін болсақ, 200 мың гектарға 700 мың тонна қажет болады. Яғни, ішкі сұраныс 2,7 млн тона. Бұрын 4 млн тонна картоп жинайтынбыз. Қазір ол 1 млн тоннаға кеміді. 3 млн тонна өзімізге жеткілікті болғанымен, бізде сақтау қоймасы тапшы. Бүкіл Қазақстан бойынша қоймалардың сыйымдылығы шамамен 1 млн тонна көлемінде ғана. Оның ішіне тек картоп емес, көкөніс пен жеміс сақтайтыны да кіреді. Жиналған 3 млн тонна картоптың 1 млн-ын жеке адамдар өндіріп деген күннің өзінде бізде картоптан бөлек 500 мың тонна капуста, 500 мың тонна сәбіз, 1 млн тонна пияз жиналады. Сондықтан жиналған өнім күзде арзан бағамен сатылады, не егіс алқабында қалады»,– дейді ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Теміржан Ерқасұлы.

Үй шаруашылықтарының азық-түлік өнімдерін тұтынуына байланысты Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Қазақстанда жан басына шаққанда 2022–2023 жылдары 45 кг картоптан келген. Егер жылдың өзге уақыттарына қарағанда картопқа деген сұраныс жоғары деп есептелетін 1-тоқсанда Үкімет пен жергілікті атқарушы билік органдары бағаны реттей алмаса, биыл бұл көрсеткіш тағы да төмен болары күмәнсіз. Сондықтан өндірістік әлеуетті тиімді пайдаланып, ішкі қажеттілікті ғана емес, экспорттық мүмкіндікті дұрыс ұйымдастыра алмасақ, қазақстандықтардың картоп өнімін тұтынуында жан басына шаққандағы 100 келлік норманы орындау әлі талай уақыт арман болып қалуы мүмкін.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КЕРЕК КЕҢЕС

ТЕРМИН СӨЗДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДА НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

Адам қызметінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та, сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары да жүйеде өз ерекшеліктерін көрсетіп тұруы қажет. Ғылым мен техника дамыған сайын мыңдаған жаңа ұғым пайда болады. Олардың әрбірі өзінің таңбалаушысын тауып, тілдік тұрғыдан да жүйелеуді қажет етеді.

Термин жасау, қалыптастыру, терминологияны жүйелеу, реттеу, жұмыстарын дұрыс жолға қою, жалпы терминологияның даму бағытын белгілеу – өзекті мәселе. Сот жүйесінде де көптеген термин сөздер қолданылады. Десек те термин сөздерді қолдану кезінде оның дұрыстығына көз жеткізу керек.

«Құқық саласының терминдер сөздігі» кітабында «Тілдік құралымызды жетілдірудің бір арнасы – сөздік жасаудың әрқилы жолдары, тәсілдері бар, олар – белгілі бір сөздің мағына-мәнін түсіндіру, нақпанақ ұғымын беру, баламалы нұсқасына негіздеу. Белгілі бір норманың заңдық өлшемін жоғалтып алмас үшін өз тілінде қолданылатын сөздің әдеби нормасын заң ұғымы нормасымен ұстастыра білу үшін маманның әр тілді жақсы білуі, белгілі бір дәрежеде сөз болып отыратын заң нысанасынан толық хабардар болуы шарт. Сондықтан іс жүргізу кезінде сөздік қорымызды толықтырып, қалыптасқан термин сөздердің бағытына аса көңіл бөлінуде.

Орынай САГИНБАЕВА,
Маңғыстау облысы көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сот отырыс хатшысы



